

¹Б.А. Ердембеков¹Б. Исбек*²Ж.И. Сатбай¹ Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан² Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: berikkhan@mail.ru

Абай өлеңдерінің шығу тарихы¹

Аңдатпа. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ әдебиетінің бас ақыны, агартушы, ұлт сөз өнерін әлемдік деңгейге көтерген Абай Құнанбайұлы шығармаларының, оның ішінде өлеңдерінің шығу тарихын зерделеу. Әрбір өлеңнің қандай оқиганың үстінде жазылғаны, арнау өлеңдерінің кімге арналғаны, ол адамдардың Абай өміріне қатысы, яғни олардың, ақынға қандай жақындығы бары, табиғат лирикасының жазылу тарихы, сол кездегі оқигалардың ақын өміріне қаншалықты әсер еткені, оны оқиганың өлеңдердегі ізі, т.б. мәліметтердің барлығы толықтыруды, жаңартылуды керек етері даусыз.

Мақалада арнау өлеңдеріндегі әрбір кейіпкердің ақынның өмірінде алатын орны, табиғат лирикаларының қай жылы, қай жерде жазылғаны, қай қыстаудың, я жайлаудың тасы мен ағашын немесе бұлағын суреттегендігі, осы өлеңді жазған уақыттағы ақынның көңіл-күйі, сол шақта Абайдың өмірінде қандай оқигалар болғандығы талданды. Сонымен қатар, Абай өмірі туралы естеліктер пайдаланылды.

Түйін сөздер: Абай шығармалары, арнау өлеңдері, шығу тарихы, табиғат лирикасы.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-82-91

Кіріспе

Абай – ақындыққа, өлеңге, сөзге үлкен талап қоя білген, сол қасиеттерді маңындағы ақындар бойынан табуға тырысқан аса үлкен талант иесі. Оның ақындық туралы, өлең-сөз иелері туралы айтқан өлеңдеріне тоқталып, әр қырынан зерттеу жүргізген абайтанушы ғалымдардың еңбектері баршылық. Десек те, Абай өлеңдері жан-жақты талданып, әсіресе теориялық жағынан ішкі қырсырынан түгесіле баға берілгенімен, әр өлеңінің шығу тарихына жете көңіл бөлінбей

келе жатқандығын мойындау керек. Абай өлеңдерінің шығу тарихы жайлы деректерді зерттеп, жинап бастыру – әлі де болса көңіл бөлуге мұқтаж болып отырған үлкен бір сала. Абайдың жас шағында шығарған өлеңдері, көбіне орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салуынан, артынан өзі де ескермей ұмытылып қала берген.

Жасындағы өлеңдерін ақынның өзі ескермеген соң кезінде басқа кісілер де ескеріп есінде сақтамаған. Сондықтан ақынның алғаш жазған өлеңдері тіпті болымсыз, аз ғана. Сөйтсе де, осы күнге жеткен бірен-сараң

¹ Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландырған грант негізінде (№АР08956354) орындалды.

айтылған өлеңдерінің себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған мысқыл, мазақ, күлкі аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең еткен кісінің көзіне қалжыңдап күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы бағдарда. Оған дәлел «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» өлеңі ел ішіндегі бір қарияның аузынан жазылып алынған. Ал шығу тарихы жөнінде алғаш 1933 жылғы толық жинақтың түсінігінде берілген. Екінші түрлі өлеңдері – қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер. Мысалы, 13-14 жасында «Иүзі - рәушән, көзі - гәуһар» деген өлеңді айтқан. «Әліпби» өлеңі Абайдың 18-19 жасар шамасында, Семей медресесінен оқып шығып, еліне қайтып келгеннен кейін жазылған. Толық жігіттік шағына жетіп, үлкендікке мойын қоя бастаған кезінен «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» деген бір өлеңі табылды. Бұл өлең 25-26 жастарында жазылған болуы керек.

Абайдың ақындық туралы жазған өлеңдерін, оның ақындарға арнауынан бөліп қарау мүмкін емес. «Біреудің кісісі өлсе қаралы – ол» деген ақындыққа арналған өлеңінде Абай өзі ұстаз тұтқан қазақтың ауызға ілінер деген үш ірі ақынын таңдап алып, өлеңдеріне сын айтатыны белгілі. Өлеңге қойған талабы биік Абайдың сынына жарағаны – Бұқар, Дулат, Шортанбай. Байқасаңыз, бұлар Абайдың жанына жақын болып, ақындық өнері жетпегенмен, деңгейлес ақындар. Ендігі жерде «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген қағиданы ту еткен ақын қасындағы шәкірттеріне сынды мейілінше күшейте түседі.

Абай поэзиясының көлемді бөлігі – арнау өлеңдер. Жалпы ақынның арнау өлеңдері – бүгінгі жаңаша көзқарастар тұрғысынан жеке тақырып ретінде зерттеуге сұранып тұрған абайтану саласындағы өзекті мәселенің бірі. Абайдың бізге белгілі қырыққа тарта арнау өлеңдері бар. Осы арнаулардың көбі ащы сынға құрылған. Әрине, Әбдірахманға, Оспанға арналған жоқтауларын айтпағанда, тіпті бәрі дерлік – осы аядағы шығармалар. Ең алғашқылары 1870, 1876, 1886 жылдары жазылған «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Рақымшалға», «Қатыны мен

Масақбай», «Күйісбайға», «Дүйсенқұлға» атты өлеңдері. Ақынның өлең арналған адамның бәрі – Абайдың жақсы танысы, дос, пікірлес адамдары.

Ақын шығармаларының келесі бір бөлігі табиғат тақырыбына арналған. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінде де болды. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғаттың өзін жеке тақырып етіп алып, Батыстың классик ақындарының үлгісімен суреттеу Ы.Алтынсарин мен Абайдан басталады. Әсіресе оны жоғарғы сатыға көтерген – Абай. Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі өлеңдерінде ақынның жан дүниесі, ой-сезімі терең бейнеленген. Абай табиғатты өте шебер суреттеген. Әр суреттелген жердің өзіндік ерекшелігін, сұлулығын таныта білген.

Қай ақынның шығармасы туралы ой айтпақ бұрын, сол шығарманың шығу тарихына бойлап алмай, оған толыққанды әдеби талдау жасау мүмкін емес. Сондықтан, мақалада Абай шығармашылығының әр кезеңдегі зерттелу жайы пысықталып, арнау өлеңдері мен ақын поэзиясында ерекше орын алған табиғатқа арналған лирикалық өлеңдерінің жазылу тарихы талданады.

Зертеу әдістері

Абай поэзиясы ақын өмір сүрген бүкіл тарихи дәуірге жан-жақты, толыққанды көзқарас арқылы кең тарихи контексте халықтың тағдырын, олардың ұлттық мінез-құлқын бейнелеп, қоғамның орнын ғана емес, сонымен бірге жүріп өткен жолын да көрсетті. Абайтанушы Т.Жұртбай бұл туралы: «Абай өз дәуірінде дала данышпандарының даналығын иеленді, дүниетанымын, рухани мәнін, ақыл-ойы мен барлық көшпенділердің көркем ойлау мүмкіндіктерін көрсетті», – деп жазады [1, 23].

Абайдың терең көркем мұрасы халықаралық деңгейде танымал екені өз алдына, біз гуманистік ойшылды әлемдік мәдени қоғамдастыққа үлес қосушы деп санаймыз. Көптеген шетелдік ғалымдар (О. Steven және басқалар) [2] Абайдың

қазақ халқының өміріндегі маңызды орнын бағалады [3].

Абайдың ақындық өнерін алғаш жете зерделеген қазақ оқығандарының бірі, Алаш қайраткері – Әлихан Бөкейхан ақынның шығармашылық мұрасы жайлы ол 1905 жылы Семей қаласының Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» жариялаған азалы ғұмырнамасында (некрологында) былай көрсетті: «Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» [4, 17]. Сонымен қатар, қазан төңкерісіне дейін баспа бетін көрген А. Байтұрсынұлы, М.Ж. Көпеев, К. Ысқақов, С. Торайғыров, М. Дулатұлы сынды ұлт тұлғаларының Абай шығармашылығы туралы ой-пікірлерінің орны ерекше.

Абай шығармаларының бір шоғыры – арнау өлеңдері десек, осы жанрдағы мұрасы туралы мағлұматтардың молыға түсуі 1939-1940 жылдары басылған толық жинақтан да көрінеді. Осы жолы ақын арнау өлеңдерінің 23-іне түсініктеме беріп, жазылу себептері де анықтаған. Ал 1945 жылғы мерейтойлық толық жинақта бұндай өлең саны 28-ге жеткізіледі. Ал соңыра Абай өлең арнаған, тарихта болған кісілердің бірсыпырасы “Абай жолы” эпопеясына еніп, өткен дәуірдің тарихи-әлеуметтік шындығы мен оқиғаларын суреттеуге арқау болғанын да көреміз. Жалпы алғанда, ақынның қырыққа тарта арнау өлеңдері бар. Олардың жазылу себептері, шығу тарихы әр қилы. Бірде арнау өлең экспромт түрде әзіл-ысқақ, әжуа-қалжың орайында туып жатса, кейде олар аса өткір әлеуметтік-саяси тақырыптарға байланысты туындайды. Арнауның көбі сынға құрылған. Мысалы, «Назарға», «Баймағамбетке», «Разаққа», «Көжекбайға» деген арнау өлеңдер табиғаты әзіл - сықаққа құрылған туындылар. Бұлар Абайдың ақындық өнерге құлай берілмей, бірақ ақындық қуаты шешек ата бастаған тұста көбірек туындаған өлеңдері екені байқалады.

Ұлы ақын шығармашылығына молынан түсінік беріп, өлеңдерінің жазылу тарихына кеңінен тоқталған – М.Әуезов. Әрине, сол кездегі жағдайлардың орайына қарай Кәкітайдың оларды баспаға ұсынбағанына жазушы «...Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала, бауырлары баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады деп жасқанып қалған» [5, 28] , – деп түсініктеме берген. Ақынның ұлы тілі еттен өтіп, сүйекті уатады. Сөз ұғар-ау деген кісінің бәрін Абай өлеңінің қаншеңгеліне алады. «Сөзімді тасыр ұқпас, талапты ұғар» деген ақынның өлең арнаған ең сорлысының кеудесінде кісіліктің сәулесі бар.

«Құдайдан қорықпай, иман жүзін тоздырған» Көжекбай, «Күштілері сөз айтса, шыбындап бас изеген» Күлембай болыс, «Бүйтіп берген балаңды, берген құдай өзің ал» деп тентектігінен түңілген Рақымшал бала, әйелге жарымаған Дүйсенқұлға, Қайранбайға (Әйелің – Медет қызы, аты – Өрім), қолына біраз пұл біткенге мастанған Ғабидхан молданың ұлы Ғабидоллаға арналған әжуа экспромт, сықақ өлеңдер арқылы қазақ даласының сатиралық типтік бейнелері жасалған.

Абай шәкірттерінің өлеңін ғана сынап қоймай, мінезінен мін, жасанды бір оғаш қылық көрсе, өлеңге қосып екінші қайталамастай етіп ұялтып, тыйып тастап отырған. «Бұралып тұрып» деп басталатын өлеңнің тарихын да Көкбайдың естелігінен табамыз. Бірер сөз, бірер мінезі жақпаған Көкбайды Абай өлең қылған екен.

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартар мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау кердең, бір керім
Жақпайды маған сол жерің.

Бұл өлеңнің басы ғана. Ең бір сорақы сынын Көкбай жалынып-жалпайып Абайдан сұрап алып, жырттып тастаған [6, 125] .

Турағұл Құнанбаев өзінің «Әкем Абай туралы» естелігінде: «Патша құдай сиыңдым» деген өлең мен «Жасымда ғылым бар деп

ескермедім» деген өлеңдері Ғабдырахим деген баласы Түмендегі реальный училищеде Мағауияны Семейдегі городскийде оқытып жүргенде айтқан. «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деген өлеңді сол кезде айтса керек деп жазады. «Біреуден біреу артылса» деген өлеңді сол жылы бізге музыка үйретемін деп Мұқа деген скрипкашыны әкеліп, әм Әсет деген ақынды да сақтаған. Әсет терісі тар, ызақор, кісімсіген адам еді, соған арнап жазған. «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңді де осының ретінде айтып кеткен. «Бай сейілді» деген өлеңді ел билеген болыстарға наразы ғып айтқан екен. Көбінесе өлеңді қысты күні жазушы еді. «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» деген өлеңді 92 жылы Оспан өткен жылы қыстауға қонғанда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы «Кешегі Оспан бір бөлек жан» деген өлең» [7, 51].

Адам мен табиғат, тіршілік аясындағы өмір қашанда келелі тақырып болып қала бермек. Осы байланыс-бірлікті шығармаларына арқау еткен сөз зергерлері, ойшылдар, ғалым-зерттеушілер қай халықта да аз емес. Солардың ішінде «көңіл құсы» табиғатпен ерекше үндесе білген ақын деп Абайды айтамыз. Ол табиғатты жырлағанда жалаң алмай, адамның ішкі дүниесімен астастырып, болмыстың сырларымен салыстырып суреттеген.

Абай өзі жазған көп өлеңдерін бірнеше жыл бойы Көкбай Жанатайұлының атынан таратқаны мәлім. Көкбайдың есімі Абай өлеңдері арқылы 1889 жылы баспасөзде мәлім бола бастайды. 1889 жылы «Дала уалаятының газетінің» №7 санында Абайдың «Жаз» деген өлеңі Көкбайдың атынан шыққан. «Жазды күні шілде болғанда» Абайдың 1886 жылы жазылған өлеңі. Өлең 1909 жылғы кітапта басылған. Турағұл естелігінде осы өлеңнің шығу тарихы туралы былай дейді: «Жазды күні шілде болғанда» деген өлеңі 1886 жылы Бақанас деген өзеннің төменгі жағындағы керей жері Көкбейіт деген қонысқа өзінің ауылы қонып жатқандағысын көріп айтқаны» [8, 65]. Көкбайдың естелігінде: «Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерде қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыла деді. Мен

біраз өлең қылып едім, жақтырмады да өзі жазбақшы болды. Сөйтсем сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен, оқып берді», – дейді [9, 94]. Демек, Абайдың «Жаз» өлеңі 1886 жылы Бақанас өзен бойындағы Көпбейіт деген жерде жазылғаны анық. Абай өлеңде өз ауылын суреттейді. Айқайшы шалы сол жылы Абай ауылымен көрші отырған Әнет Бармақ шал. Құс салып жүргендер, ақын балалары: Ақылбай мен Әбдірахман.

«Қыс» («Ақ киімді денелі, ақ сақалды») өлеңінің шығу тарихына байланысты деректер келтірсек. Турағұл естелігінде өлеңнің шығу тарихы туралы былай делінген: «Ақ киімді денелі, ақ сақалды», – деп қысты өлең қылғаны сол 1884-ші жылы қыс қатты болып, елі жұтаған. Қар апрельдің басында кеткен сонда айтыпты [8, 72]. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында сол жылғы уақиға былай суреттеген: «Осындай боп айықпас бораннан да бетер қатты кәр ғып жүрген кезінде ақ боранның ішінен шапқылап кеп шыққан екі көк ат көрінді. Қылаң аттар боран ішінде дәл жасырынып келгендей боқты» [10, 124].

Абай жылдың қай мезгілін суреттесе де, ең алдымен оның шындық бейнесін береді. Жоғарғы үзіндіде келтірген өлеңдердің қайсысын оқысақ та, сол кездің суреті көз алдында тұрады.

Талқылау

Арнау өлеңдердің бірі «Күшік асырап ит еттім» өлеңінің шығу тарихы жайлы деректерге тоқталып өтейік. Біреулер ақын бұл өлеңін өзінің досы Ерболмен араздасып кеткенде шығарғаны десе, екіншілері өздерінің көп шәкірттерінің бірі Көкбайға шығарған деседі. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1980 жылғы 15 тамызда шыққан санында М.Түңлікбаевтың «Бір өлеңнің тарихы» атты мақаласында: «... Ербол Абай тұрғылас, жас жағынан шамалас адам. Сондықтан да өлеңді “қиыннан қиыстыратын» сөз зергері өзі құралпы адамды «күшікке» теңемесе керек. Демек, кемеңгер ақын «Күшік асырап ит еттім» атты өлеңін Ерболға емес, өзінен кіші Көкбайға шығарған деген жорамал шындыққа келеді» [11] – дей келе, оның себебіне де тоқталып,

Көкбайға арналғанын дәлелдейді. Сол Көкбай бір жылдары Тобықты руының шынжыр балақ, шұбар төс байларының бірі Оразбайға Абайды қаралап, оязға арыз жазып берген көрінеді. Осы ағаттығын уақыт өте келе білген Абай ызаланып, осы өлеңді арнаған.

Арнау өлеңдердің екінші бір тобына жататын «Сап, сап, көңілім, сап көңілім», «Қуанбаңдар жастыққа», «Мен боламын демендер», «Жазғытұры қылтиған бір жауқазын» туындыларына да М. Әуезов ерекше көңіл бөлген. Өйткені өл өлеңдерде кісі аты аталмайды, бірақ өлеңде жол жөнекей біреулер сөз болып, меңзеумен, ишаратпен ғана білідіретіні аңғарылып тұрады. Осы сияқты арнаудың кімге арналғаны көрсетілмеген: «Біреуден біреу артылса», «Болыс болдым мінеки», «Бөтен елде бар болса» өлеңдері де кездеседі.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын өлеңінде «сөзімді тасыр ұқпас» деп талапты жас ақындарға салмақты ескерту жасайды.

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»

Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп

Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.

Бір шумақ өлеңінде үш ақынды, өзінің ең талантты деген үш шәкіртінің өлеңін сынаған. Өлеңге анықтаманы Турағұл Абайұлынан тыңдайық: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңді Шаһкерім қажының жас күнінде кәрілікті жамандап, алпыстан аспай өлейік, кәрі ит, жат деп, былшылдап шат деп айтады деп, бозбалашылықты мақтап, «Шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып» деген өлеңі болған. Көкбай молданың «Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты» деген өлеңі болған. Әріп деген сыбан, өлең жазғыш жігіт «Зияда» деген өлең жазған, қызды мақтамақшы болып суреттегенде көзі гауһар, иегі алтын деп, осы сықылды алтын тастарды түсіне қарамай сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, құбыла көрсетпекші болып жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің ақсақалды жамандайды Біржанның Арғын емес, Керей екенін білмегіті [8, 95]. Бұл

өлеңдер 1909 жылғы кітапта басылған. Бірақ, бұл басылымда «Күлембайға» деген тақырып жоқ. 1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап «Болыс болдым мінеки» өлеңі «Күлембайға» деген тақырыппен басылып келеді.

Абай 1888 жылы табиғат тақырыбына арналған «Күз» («Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»), «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» және «Қыс» («Ақ киімді денелі, ақ сақалды») өлеңдерін жазған. Осы үш өлең де Мүрсейіттің 1905, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбасында кездеседі. Сонымен қатар Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы бастырған 1909 жылғы тұңғыш жинағында жарық көрген. Бұл үш өлеңнің шығу тарихын тек лирикалық шығарма тұрғысынан емес, тарихи оқиғалармен байланыстыра қарау керек.

«Күз» («Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан») өлеңінде ақын табиғат арқылы көшпелі қазақ халқының күзді күнгі тіршілігін, тұрмысын суреттейді. Күнкөріс әрекеттерін бейнелейді, осының барлығы көшпелі елдің тағдырын, салтын анық аңдатады. Ал, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында ауыл күзін былай бейнелейді: «Ауыл рені өзгеше жүдеу еді. Далада бұлттары жылтырап, жалбыр-жұлбыр киініп бүрсеңдеген, күс басқан аяқтары қызарған кедей балалары көрінеді. Бай үйінің сыртын жағалап, жүк жиылған күнес жақта ақырын күбірлеп ойнайды. Қойшының қоңыр лашығының бір үзігі сыпырылған. Қолы, беті жарылған жұмыскер әйел үйінің жыртығын жамап отыр. Жалаңаштанған үйдің керегесінен жүдеу, шоқпыт жоқшылық көрінеді. Арқасында ала қап жамылған, басына шоқпыт тымақ киген кәрі кемпір сол шала жағылған үй ішінде, қара суық астында малма сапсып отыр» [10, 130].

Арнау өлеңдерінің шығу тарихының жазылуының тағы бірден бір дереккөзі – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы. Романда: «Осы уақытта Абай жазуын тоқтатыпты. Енді:

- Ербол! Дәрмен! – деп, екеуін қатарына шақырып алды.

- Тәкежан, Қаражан, сендер де тыңдаңдар! – деп, үйдің ішін тегіс елең еткізеді де, жаңа өлеңін оқып кетті:

Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай,
 Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай,
 «Ерте барсам жерімді жеп қоям», - деп,

Бқтырмамен күзеуде отырар бай! - деп, бір тоқтады, айтып отырған ауылы, қазіргі өздері отырған Тәкежан ауылы екені, тыңдаушының барлығына тап еткендей таныла кетті» [12, 62]. Бұл өлеңде байлардың психологиялық портреті шебер берілген. «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңінің дүниеге келу себебі мен жазылу тарихын аша отырып, оның мүлде жоғалып кете жаздағанын да ескертеді. Өйткені хатқа түсті деген осы өлеңнің өзінде екі шумақ (6-7 шумақтар 8 жол) өлең жолдары мүлде ұмтылған, тек ғана өлеңнің жазылу тарихын зерттеу үстінде салыстыру арқылы ғана қалпына келтіреді. Бұл өлең жеке адамадарға, яғни, Абайдың туған ағасы Тәкежанның үй-ішіне арналуы себепті, жазба түпнұсқасы сақталса да, өшірілген екі шумақ өлең Көкбай, Турағұл арқылы хатқа түсіріледі. Аталмыш өлең тарихын көп сұрастырып, жазылу себебі мен қандай жағдайда жазылу тарихын жан-жақты зерттеп білуі М.Әуезовке «Абай жолы» эпопеясындағы «Кек жолында» деген тараудың жазылуына, ондағы оқиға желісін өрбітуіне арқау болғаны бірден сезіледі. Осы аталмыш өлең тексі жағынан бастапқы табиғи қалпына оралуына, өлең мазмұны сол тұстағы өмір шындығымен орайлас кең ашылып, дәл бүгінгі күндегі танып отырған дәрежеге көтерілуінде сөзсіз М.Әуезов зерттеулерінің орны ерекше.

«Қыс» өлеңінің шығу тарихы 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған уақытпен байланыстырылады. Қар сәуірдің басында кеткен. Соны өлең еткен делінген. «Қыс» өлеңінің тағы бір ерекшелігі – Абайдың қысты қарт адам бейнесінде сипаттауы. Қазақ әдебиетінде бұндай құбылыс Абайға дейін болмаған. Өлеңде қазақтың дарқан даласының табиғаты көркем де, сұлу сөз орамдарымен дәл бейнеленген. Қыста тебіндеп жайылған жылқылар, оларды торыған аш бөрілер түгелі де көз алдына жанды суреттей елестейді:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
 Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.
 Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
 Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
 Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
 Аязбенен қызарып ажарланды.

«Қыс» өлеңін оқығанда, аязды қыстың суық лебі бетке тигендей болады. Табиғат тақырыбында жазылған бұл өлеңдері – ақынның асқан суретші екендігіне толық дәлел.

Нәтижелер

«Абай» журналының 1992 жылғы №3 санында жарияланған «Дала уалаятының газетінде» басылған «Абай өлеңдері» атты мақаласында көрнекті мұратанушы Ү.Сұбханбердина былай дейді: «Күлембай Бозамбайұлы дәулетті, пысық атқа мінердің бірі болған. Абаймен жасы құрдас. 1888 жылы сайлауға түсіп, болыстыққа өтеді. Билікке қолы жеткенмен өзінен зор байларды уысына сыйғыза алмайды. Абай соны сынап жазған» [13]. Осы өлең тек қана Күлембайға ғана емес, сол кездегі халық мүддесінен гөрі өзінің жеке басының жайын көбірек ойлайтын, бұқара халықты зар қақсатқан барлық табаны тайғақ болыстарға арналғаны тарихи шындық.

«Мәз болады болысың» өлеңінің тарихы мен сол кездегі патша үкіметінің саясаты жайлы деректер Турағұлдың естеліктерінде былай түсіндірген: «1890 жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға, билерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған» [8, 106]. Расында бұл уақиға сол кезде болған.

Еркежанның қолына кіргенін қалжыңға айналдырған Қыздардың қылығына ыза болған Абай «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең» деп басталатын өлеңін шығарады. Бәкең – Қыздардың руы. Ал, осындағы Абай мен Қыздар арасындағы оқиғалар «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы №1 санында Н.Алдажаровтың «Абай туралы әңгімелер» мақаласында: «...Бәкеңнің әулетінің адалдығы, момындығы туралы Абайдың мына өлеңінен анық көрініп тұр:

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең,
Адалдықта бар елдің зоры Бәкең», - дейді [14].

Қыздар Абаймен күрдас. Қыздар әйелі Жанбаланы ұзатқалы отырған жерінен алып қашқан. Жанбаланың қайындары Абайға келгенде, ақын қыздың басына бостандық берулерін айтады. Төленген қалың малды Қыздардың қайтара алмайтынын біліп өзі көмектескен.

«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің» деген өлеңді, «Жүрегім, ойбай соқпа енді» деген өлеңді, «Ал сенейің, сенейің» деген өлеңді, «Жүрегім нені сезесің» деген өлеңді, «Жақсылық ұзақ тұрмайды» деген өлеңді, «Қарашада өмір тұр» деген өлеңді, «Жас өспірім замандас қапа қылды» деген өлеңді – Оспан өліп, бар бейнет басына мезгілсіз, ықыласы қайтып қажыған кезінде түсіп, досы да, туысқаны да бұлданған, құбылғанын көріп, сол 92-ші жыл мен 93-ші жылдың ішінде жазған еді деп жазады. «Ата-анаға көз қуаныш» пен «Тайға міндік, тойға шаптық» екеуінің шығу тарихы бір, егіз өлеңдер және ол өлең 1892 жылы Оспан өлген соң жаңағыдай жайсыз оқиғаға байланысты шыққан. Мұхтар Әуезов өзінің «Абайдың өмірі мен ақындығы», «Абай Құнанбаев» атты монографияларында мұны ашық ажырата баяндаған. «Оспан өлгенде өзінің бір баласының атынан айтқаны», – деп түсінік беруі де сондықтан.

М. Әуезов арнау өлеңдер табиғатын терең тани отырып, Абай басылымдарында қалыптасып үлгерген жаңа атауларды, яғни өлең мазмұнына лайықты анықтап, тақырыптарын қайта қояды. Бірақ арнау өлеңдерге жаңадан қойылған тақырыптардың бәрін де міндетті түрде жақшаға алып (мысалы, «Әбдірахман өлгенде» деген сияқты) отырады.

Қайым Мұхамедханов «Абайдың бір өлеңі» мақаласы – «Қазақ әдебиеті» газетінің 1986 жылғы 17 қаңтардағы санында жарық көрген. Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай» деп басталатын 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы жөнінде жазылған [15, 333].

Абайдың табиғат лирикасы өз алдына бір сала. Табиғат – адам өмір сүріп, тіршілік

етер орта. Онсыз өмір жоқ. Міне, осы табиғат көріністерін, оған бөлінген қазақ даласындағы өмірді, тұрмыс-халді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған және қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын табиғат көрінісін мұншалық шебер, мұншалық терең һәм жан-жақты жырлаған ақын болған емес.

Абайдың бұл тақырыпта жазған лирикасында да ақындық эволюциясы – шығармашылық түлеу жолының кезең-кезендері жатыр. Табиғат лирикасының ұлы талантын, биік мәдениетін танытатын өлеңдер. Әсіресе, жылдың төрт мезгілі туралы жазылған өлеңдері бейнеті мен азабы мол мал баққан шаруаны, баянсыз, көшпелі ауылды, ескі қоғамдық қарым-қатынастың кейбір күңгірт белгілерін анық, қанық бояумен көрсететін, өз дәуірінің айнасы боларлық, сұлу шығармалар.

Абай – асқан реалист ақын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдеқалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік кешкен адам жайы айқын көрініс табады. Абайдың табиғат лирикасын оқығанда оқушының көз алдына сұлап жатқан, құлазыған бел-белесті шетсіз, шексіз маң даланың жалаң көріністері ғана жайылмайды, даладағы өзгеше өмір қайталанбас сыр-сипатымен тұтас суреттеледі.

Абайдың теңдесі жоқ суретшілік қасиетін танытатын туындыларының бірі «Жазғытұры». Ақын қазақ даласындағы жазғытұрғы кездің барлық суретін толық берумен бірге, бұл кезді қазақ халқын еңбекке жұмылдыратын, тіршілік үшін күресінің қайнар көзі деп таниды.

Мал семіреп, ақ пенен ас көбейер,
Адамзат көңілі өсіп, көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.

Тамашалап қарасаң, тәңір ісіне,

Бойың балқып, ериді іште жігер, - деп, жаздың суретін өзі де сүйеді және оны жалпы жұрттың көңілін шарықтатып, жігерін туғызатын маусым деп ұғады.

Қазақ халқына аса бір жайдары мезгілді масаттана жырлайды. Ауыл-аймақ, шаруасы өнген шаруа, еңбектеген бала мен еңкейген

қартының көңіл күйі, барша тіршілік иесінің жайнаған тіршілігін жарқын бояулармен, көтеріңкі леппен суреттеген. Табиғат көркін, халықтың өмір-тұрмысын еш бояусыз, өз қалпында шынайылықпен бейнелейтін өлеңде дүние болмыстың сұлулығына тамсану сарыны да күшейе түседі.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін, не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы
Құлпырған жасыл жер жүзі, -

деп, жазғы түннің әдемі суретін алдыңа тартады, жаз кезінің желсіз тымық күні, аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесі, жазғы ауыл, оның жанындағы терең сай, гүрілдеген өзен суретшінің бояуы арқылы тұтас бір картина ретінде көз алдыңызға келеді.

Қорытынды

Абайдың шығармашылық мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымының туу, ояну, даму кезеңдерінде жан-жақты, ғылыми тұрғыда зерттеле бастады. Ақын шығармашылығы, өмір жолы өзінің зерттелу, насихатталуы жағынан ұлт әдебиетінде жетекші орын алады.

Қазіргі таңдағы оқырман қауымға ұсынылып отырған Абайдың жинақтарындағы өлеңдерге берілген түсініктемелер ауқымды толықтыруларды қажет етеді.

Абайдағы арнау өлеңдер, әсіресе, ақын өмір сүрген әлеуметтік орта мен сол дәуірдің саяси-әлеуметтік оқиғаларын, заман шындығын танып білуде аса терең ғылыми мәні бар туындылар тобына жатады. Абай дүниетанымын білуде, көзқарасын тануда бұл арнау өлеңдердің мән-мағынасы зор, жөні бөлек. Осы ерекшелікті ерте таныған Мұхтар Әуезов ақын жазған арнау өлеңдерді түгел жинап, олардың кімдерге, қандай жағдайда жазылғанын анықтауға ерекше күш салды. Арнау өлеңдер Мүрсейіт қолжазбасында біршама қамтылса да, олардың жазылу мерзімі мен кімдерге арналғаны атап көрсетілген емес.

Абай поэзиясында табиғат құбылыстарының алар орны ерекше. Күнделікті өмір мен адамдардың күнкөрісі, іс-әрекеттері Абайдың көңіл-күйімен байланыста екенін жылдың төрт мезгілін суреттеген туындыларынан да байқаймыз. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы тақырыбындағы өлеңдерінің жазылу тарихын, жан-жақты талдау, арнау өлеңдері арналған адамның Абайға қандай қатысы барын білу – абайтанудағы өзекті мәселелердің бірі. Ақынның табиғат лирикаларында «Қылышын сүйреткен қыс», «Масатыдай құлпырған жаз» өз кескінімен көрінеді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Жалпы ақын өлеңдерінің шығу тарихы туралы деректерді жинастырып, зерттеу – Абай мұрасының, оның ішінде өлеңдерінің талдануының баспалдағы.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұртбай Т. Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті... – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы. – 2020. – 497 б.
2. Steven O. Sabol. Kunanbaev Abay. Encyclopedia of modern Asia. – 2002. – Vol.3. – 411 p.
3. Есім Ғ., Байсарина Ж.С. Абайтану мәселесі: Кейбір шетелдік зерттеулерде // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және Мәдениеттану. – 2019. – №3 (69). –13-20 б. doi:10.26577/jrscp-2019-3-p2

4. Сыдықов Е. Абайдың ғұмырнамасы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы. – 2020. – 492 б.
5. Әуезов М. Абай Құнанбайұлы: Мақалалар мен зерттеулер – Алматы: Ғылым. – 1967. – 391 б.
6. Ердембеков Б. Абайдың әдеби ортасы. – Семей: Үш биік. – 2010. – 307 б.
7. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. – Өскемен: Берел. – 2016. – 84 б.
8. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Тұрағұл естелігі. – Алматы: Дәуір. – 1993. – 224 б.
9. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Көкбай естелігі. – Алматы: Дәуір. – 1994. – 336 б.
10. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жеті жарғы. – 1990. – 320 б.
11. Түңдікбаев М. Бір өлеңнің тарихы. // Қазақ әдебиеті. – 1980.
12. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы. – 1997. – 61 б.
13. Сұбханбердина Ү. «Дала уәлаятының газетінде» басылған Абай өлеңдері // Абай. – 1992. – №3. – 1-6 бб.
14. Алдажаров Н. Абай туралы әңгімелер // Жұлдыз. – 1992. – №1. – 80-103 б.
15. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Алаш. – 2005. – 344 б.

¹**B.A.Yerdembekov, ¹B.Isbek, ²Zh.I.Satbay**

¹*Shakarim State University of Semey, Semey, Kazakhstan*

²*K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

History of Abay's poems

Abstract. The main purpose of the article is to study the history of the origin of works, including poems by Abay Kunanbayev, who is the main poet of Kazakh literature, an educator who raised the art of the Kazakh word to the world level. Such aspects as the history of each poem, poems dedicated to persons, the attitude of people to the life of Abay, the history of writing the lyrics of nature, influence of historical events of that time to the life of Abay, the traces left by him in the verses of these events, should be supplemented, updated.

The article analyses the role of the character of the poem in the poet's life, the year and place of nature, the lyrics, the description of a rock or tree or spring winter, the poet's mood at the time of writing poem, events that occurred in Abay's life. There were also highlighted memories of Abay's life.

Key words: Abay's poems, dedications, history of origin, nature lyrics

¹**Б.А.Ердембеков, ¹Б.Ісбек, ²Ж.И.Сатбай**

¹*Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан*

²*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан*

История создания стихотворений Абая

Аннотация. Основная цель статьи – изучение истории создания произведений, в том числе стихотворений, Абая Кунанбайұлы - классика казахской литературы, просветителя, поднявшего национальную словесность на мировой уровень. На основе каких событий были написаны стихотворения, кому посвящены стихи, отношение этих людей к жизни поэта, насколько они были близки ему, история написания пейзажной лирики, влияние исторических событий на жизнь Абая, следы данных событий, оставленные в стихах, - вся эта информация, несомненно, нуждается в дополнении и обновлении.

В статье анализируются роль в жизни поэта людей, которые стали персонажами его стихотворений, устанавливаются год и место написания его стихотворений о природе, выявляется, какие камень, дерево кыстау или жайлау описал поэт в стихотворениях, настроение поэта в это время, какие события происходили у него в жизни. Использовались также воспоминания о жизни Абая.

Ключевые слова: стихотворения Абая, посвящения, история происхождения, пейзажная лирика.

References

1. Zhurtbay T. Soktykpaly, sokpaksyz zamanda osti... [He grew up in a time of bumps...] (Nur-Sultan, L.N. Gumilyov ENU publishing house, 2020, 497 p) [in Kazakh].
2. Steven O. Sabol. Kunanbaev Abay. Encyclopedia of modern Asia. – 2002. – Vol.3. - 411 p.
3. Esim G., Baysarina Zh.S. Abaitanu maselesi: Keibir sheteldik zertteulerde [Problems of Abay studies: In some foreign studies.], *Filosofiya, мәдениеттану, sayasattanu seriyasy* [Journal of Philosophy, Culture and Political Science], 3(69),13-20 (2019), doi:10.26577/jpcp-2019-3-p.
4. Sydykov E. Abaidyn gumyrnamasy [Biography of Abay] (Nur-Sultan, L.N. Gumilyov ENU publishing house, 2020, 492 p) [in Kazakh].
5. Auezov M. Abai Kynanbaiyly: Makalalar men zertteuler [Abay Kunanbayuly: Articles and research] (Science, Almaty, 1967, 391 p) [in Kazakh].
6. Yerdembekov B. Abaidyn adebi ortasy [Abay's literary environment] (Three high, Semey, 2010, 307 p) [in Kazakh].
7. Kunanbayev T. Akem Abai turaly [About my father Abay] (Berel, Oskemen, 2016, 84 p) [in Kazakh].
8. Mukhamedkhanuly K. Abaidyn akyn shakirtteri. Tyragyl esteligi [Disciples of Abay. Memory of Turagul] (Daur, Almaty, 1993, 224 p) [in Kazakh].
9. Mukhamedkhanuly K. Abaidyn akyn shakirtteri. Kokbai esteligi [Disciples of Abay. Memories of Kokbay] (Daur, Almaty, 1994, 336 p) [in Kazakh].
10. Auezov M. Abai zholy: Roman-epopeya. Birinshi kitap [Abay's way: Novel-epic. The first book] (Seven charters, Almaty, 1990, 320 p) [in Kazakh].
11. Tunlikbayev M. Bir olennin tarihy [History of one poem], Newspaper «Kazak adabietii [Kazakh literature]», 1980.
12. Auezov M. Abai zholy: Roman-epopeya. Ekinshi kitap [Abay's way: Novel-epic. The second book] (Writer, Almaty, 1997, 61 p) [in Kazakh].
13. Subkhanberdina U. « Dala Yalayatynyn gazetinde » basylgan Abai olenderi [Abai's poems published in the «newspaper of Dala Ualayaty»] magazine Abai [Abay], 1992. №3. P.1-6.
14. Aldazharov N. Abai turaly angimeler [Stories about Abay], «Zhyldyz [Star]», 1992. №1. PP.80-103.
15. Mukhamedkhanov K. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. 2-vol [A collection of multi-volume works. Volume 2] (Alash, Almaty, 2005, 344 p) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы – Фил.ғ.д., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Басқарма Төрағасы-Ректоры,, Глинка көш. 20а, Семей, Қазақстан.

Ісбек Берікхан – Ph.D., Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Глинка көш. 20а, Семей, Қазақстан.

Сатбай Жайнар Избасарқызы – Гуманитарлық ғылымдар магистрі, ғылым департаментінің ғылыми қызметкері, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә.Молдағұлова даңғылы 34, Ақтөбе, Қазақстан.

Yerdembekov Baurzhan Amangeldievich – Doctor of Philological Sciences, Rector of Shakarim State University of Semey, 20 a Glinka str., Semey Kazakhstan.

Isbek Berikkhan – Ph.D., Vice-Rector for Social Affairs and Youth Policy, Shakarim State University of Semey, 20 a Glinka str., Semey Kazakhstan.

Satbay Zhainar Izbasarkyzy – Master of Arts, Researcher at the Department of Science, K. Zhubanov Aktobe Regional University, 34 A. Moldagulova Prospect, Aktobe, Kazakhstan.